

## Жамбыл ауылдық округінің Жамбыл ауылындағы көше атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 12 қаңтардағы № 4 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2017 жылғы 10 ақпанда № 3300 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жамбыл ауылдық округінің Жамбыл ауылындағы Ключевая көшесінің атауы Алтынбұлақ көшесі болып өзгертілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы А. Қылышбековаға жүктелсін.
3. Осы шешім әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Д. Темир